

(11)

мұндағы, V_1 – бұрғылау сорабының қабылдау ыдыс көлемі, $V_1=10\div 40$ м³; V_2 – науа жүйесінің айналым көлемі, $V_2 =4\div 7$ м³; V_3 – механикалық бұрғылауға қажетті бұрғылау ерітіндісінің көлемі, м³.

(12)

мұндағы, V_4 – ұңғыма көлемі, м³; $K_3 - L_1, L_2, \dots, L_n$ – бірдей диаметрлі интервалдардың ұзындығы, м; $n_1, n_2, \dots, n_n - 1$ м өту үшін кететін бұрғылау сұйықтығының шығыны, м³, шегендеу бағанының түріне байланысты 4-ші кестеге келтіріледі.

Кесте 4 – Әртүрлі шегендеуші құбырларға жұмсалатын бұрғылау сұйықтығы

Шегендеу бағанының түрі	Бұрғылау сұйықтығының нормалық жұмсалуды, м ³ /м
Бағыттаушы	2,76
Кондуктор	2,53
Аралық	1,00
Соңғы	0,53
Пайдалаушы	0,32

Сазды ерітінділерді реттеуге қажетті химиялық реагенттер көлемінің есебі аз шығын және шамалы беріктік кезінде негізгі технологиялық өлшемдердің тиімді өзгерісіне негізделген. Тиімді режимді зертханалық жағдайда тәжірибе жасау арқылы таңдайды [32].

КСР дайындау үшін қажетті қоңыр көмір мен каустикалық соданың массасын есептеу кезінде көмірдің ылғалдылығын анықтаудан бастау қажет (%) [33]:

(13)

мұндағы, b және a – ылғалды және кепкен көмір массасы, кг. Реагентті дайындауға қажетті ылғалды қоңыр көмір массасы

(14)

мұндағы, $K_y - 1$ м³ реагенттегі қоңыр көмір концентрациясы, %; $V_{\text{ксп}}$ – дайындалатын реагент көлемі, м³.

Бекітілген әдістемеге сәйкес бірлік реагент көлемін дайындауға қажетті каустикалық сода концентрациясы